

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 399 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 тамыз N 1115

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың ережесі мен өкілдік шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 399 P010399_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың ережесінде:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен көзделген жағдайларда, іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылған тұлғалардың тұруына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығыстарына ақы төлеуге";

7-тармақтағы "калькуляциялары" деген сөз "қызметтерінің құны" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының Қазынашылық басқармасының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Орталық филиалы шетел валютасын айырбастауды жүзеге асырады және оның корреспонденттік (валюталық) шотына аударады.

Астана қаласының Қазынашылық басқармасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының үзінді көшірмесінің негізінде шетелдік валютаны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің валюталық есеп шотына аударады.";

12-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

12-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы Ереженің 10-тармағымен анықталған тәртіппен бөлінетін қаражат бойынша есеп беретін тұлға үш банктік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық шотына пайдаланылмаған ақшаның сомасын қайтарады және оған Қазақстан Республикасы Президентінің шетелге шығуы кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары бекіткен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шетелге шығуы кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары бекіткен, елтаңбалық мөрмен расталған өкілдік мақсаттарға арналған шығыстар жөніндегі актіні, сондай-ақ қолма-қол қаражатты қайтару туралы түбіртекті және Қазақстан

4	Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикасына арналған арнаулы бағдарламасы (СПЕКООН) шеңберінде Аймақтық консультативтік комитеттің бірінші сессиясын өткізу	425100	198450
5	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжік Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасында әскери саладағы сенім білдіруді нығайту және шекара ауданындағы қарулы күштерді қысқарту туралы келісімді орындау жөніндегі Бірлескен тараптар делегацияларының алдын ала кеңесін және Бірлескен бақылау тобының (ББТ) төртінші сессиясын өткізу	590300	108000
6	Түрік Республикасы Бас штабының Тыл жөніндегі басқарма бастығы генерал-лейтенант Унал Онсипахиоглу бастаған делегация сапарын өткізу	217820	170820
7	Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның бесінші мәжілісін өткізу	1019368	296880
8	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Шыңжан Ұйғыр автономиялық ауданының Коммуникациялар департаментінің арасындағы екі жақты келіссөздер	236200	150000
9	Қазақстан-Өзбек мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі топографиялық жұмыс топтарының кездесуін өткізу	252500	180000

10 Салықтық зерттеулер органдары басшыларының үйлестіру кеңесінің мәжілісін өткізу (СОБҮК)	3407424	2921184
--	---------	---------

ЖИЫНЫ	16619577	7434779
-------	----------	---------

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.